

Ата-анамен жұмыс жоспары Мектепалды даярлық сыныбы

Оқу жылы: 2022–2023

Мақсаты: Ата-аналармен тығыз ынтымақтастық орнату арқылы баланың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру.

I тоқсан

№	Іс-шаралар атауы	Мақсаты	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар жиналысы: «Бірлесе дамытайық»	Жылдық жоспармен таныстыру, тәрбие бағытын белгілеу	Қыркүйек	Сынып жетекші
2	Сауалнама: «Бала тәрбиесі – ортақ іс»	Ата-аналардың көзқарасын білу	Қыркүйек	Педагог-психолог
3	Ата-анамен жеке сұхбаттар	Жеке ерекшеліктерді талқылау	Қазан	Тәрбиеші

II тоқсан

№	Іс-шаралар атауы	Мақсаты	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Тренинг: «Ата-ана мен бала арасындағы байланыс»	Үйлесімді қарым-қатынас орнату	Қараша	Психолог
2	Үй тапсырмаларын бірге орындау апталығы	Ата-ананың оқу процесіне қатысуын арттыру	Желтоқсан	Тәрбиеші

III тоқсан

№	Іс-шаралар атауы	Мақсаты	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар жиналысы: «Баланың жетістігі – бірлескен	Оқу нәтижелерін талдау	Қаңтар	Сынып жетекші

	еңбек нәтижесі»			
--	--------------------	--	--	--

IV тоқсан

№	Іс-шаралар атауы	Мақсаты	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Ата-анамен қорытынды сұхбат	Баланың жыл бойғы дамуын саралау	Сәуір	Тәрбиеші
2	Ашық есік күні	Баланың жетістіктерімен таныстыру	Мамыр	Педагогтар тобы
3	Мерекелік іс- шара: «Біз – болашақ мектеп оқушысымыз!»	Бірлескен қуаныш, баланы мектепке бейімдеу	Мамыр	Барлық ұстаздар

Қорытынды: Ата-анамен жүйелі жұмыс – мектепке дейінгі тәрбиенің негізі. Бірлескен қолдау арқылы балаға сенімді даму ортасы қалыптасады.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: 2022 жылдың қыркүйек айы

Өткізілген орны: Мектепалды даярлық тобының оқу кабинеті

Қатысқандар: Топ тәрбиешісі, ата-аналар

Қатыспағандар: 2_

Күн тәртібі:

1. 2022–2023 оқу жылына арналған ата-анамен жұмыс жоспарының таныстырылымы.
2. Тәрбие бағыты мен топтың жұмыс тәртібімен таныстыру.
3. Ата-аналар тарапынан ұсыныс-пікірлер.

Тыңдалды:

Топ тәрбиешісі ата-аналарды жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен, тәрбие бағытымен таныстырды. Ата-анамен бірлескен іс-шаралар жоспары таныстырылып, негізгі бағыттар көрсетілді. Бала тәрбиесінде отбасы мен мектеп арасындағы тығыз байланыстың маңыздылығы айтылды.

Шешім қабылданды:

1. Жылдық жоспар бірауыздан мақұлданды.
2. Ата-аналар ұсыныстары ескеріліп, кейбір іс-шараларға толықтыру енгізу қарастырылатын болды.
3. Ата-аналар баланың дамуына белсенді қатысып, тәрбиешімен тығыз байланыста болуға келісті.

Топ тәрбиешісі: Лепесова Айжан

Ата-аналар төрайымы: Ахмет Анипа

Күні: 2022 жылдың қазан айы

Өткізілген орны: Мектепалды даярлық тобының оқу кабинеті

Қатысқандар: Топ тәрбиешісі, баланың ата-анасы

Күн тәртібі:

1. Баланың жеке даму ерекшеліктерін талқылау.
2. Үйдегі тәрбие жағдайымен танысу.
3. Ата-анамен бірлескен іс-қимыл жолдарын анықтау.

Тыңдалды:

Тәрбиеші ата-анамен баланың мектептегі мінез-құлқы, оқу әрекетіне қатысуы, құрдастарымен қарым-қатынасы және эмоционалдық жағдайы туралы пікір алмасты. Ата-ана өз тарапынан баланың үйдегі тәртібі, қызығушылықтары мен қиындықтары туралы ақпарат берді.

Шешім қабылданды:

1. Баланың жеке қабілеттерін ескере отырып, арнайы қолдау жұмыстары жүргізілетін болды.
2. Ата-ана мен тәрбиеші үнемі байланыста болып, баланың жетістіктері мен қиындықтарын бірлесіп талқылауға келісті.

Топ тәрбиешісі: Лепесова Айжан

Ата-ана төрайымы: Ахмет Анипа

Күні: 2022 жылдың желтоқсан айы

Өткізілген орны: Мектепалды даярлық тобы

Қатысқандар: Топ тәрбиешісі, ата-аналар, балалар

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. Ата-ананың оқу процесіне қатысуын арттыру.
2. Баламен бірлесіп үй тапсырмаларын орындау тәжірибесімен танысу.
3. Үй мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.

Тыңдалды:

Тәрбиеші ата-аналарды оқу процесіне белсенді араласуға шақырып, баламен бірге үй тапсырмаларын орындау кезінде ескерілетін әдіс-тәсілдермен таныстырды. Балалар мен ата-аналар оқу тапсырмаларын бірге орындап, қызығушылықпен белсенділік танытты. Оқу мен тәрбие – бір-бірімен тығыз байланыста екенін ата-аналар толық түсінді.

Шешім қабылданды:

1. Ата-аналар баламен үйде бірге оқуға уақыт бөлуге келісім білдірді.
2. Баланың қызығушылығы мен ынтасын арттыру үшін бірлескен жұмыс жалғасатын болды.
3. Апталық барысында белсенділік танытқан ата-аналар алғыс хатпен марапатталады.

Ата-аналар төрайымы: Ахмет Анипа

Топ тәрбиешісі: Лепесова Айжан

Күні: 2023 жылдың қаңтар айы

Өткізілген орны: Мектепалды даярлық тобының оқу бөлмесі

Қатысқандар: Топ тәрбиешісі, ата-аналар

Қатыспағандар: 3

Күн тәртібі:

1. Балалардың оқу мен тәрбие нәтижелерін саралау.
2. Әр баланың жеке даму ерекшеліктерін талдау.
3. Ата-анамен бірлескен жұмысты жалғастыру бағыттары.

Тыңдалды:

Топ тәрбиешісі І-тоқсан мен ІІ-тоқсан аралығында балалардың оқу, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық қабілеттерінің дамуы жөнінде толық ақпарат берді. Әр баланың жетістігі жеке атап өтіліп, қажетті қолдау мен назар аударатын тұстар талқыланды. Ата-аналар тарапынан ұсыныстар айтылып, ортақ тәрбие жұмыстарының бағыттары нақтыланды.

Шешім қабылданды:

1. Баланың жетістігі – ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен еңбегі екендігі нақтыланды.
2. Әр балаға жеке қолдау көрсету мен ынталандыру жалғастырылады.
3. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасында тұрақты кері байланыс орнату туралы шешім қабылданды.

Ата-аналар төрайымы: Ахмет Анипа

Топ тәрбиешісі: Лепесова Айжан

Күні: 2023 жылдың мамыр айы

Өткізілген орны: Мектепалды даярлық тобының оқу бөлмесі

Қатысқандар: Топ тәрбиешісі, ата-аналар, балалар

Күн тәртібі:

1. Баланың жыл бойғы даму көрсеткіштерін саралау.
2. Ашық есік күні аясында балалардың жетістіктерімен таныстыру.
3. Ата-аналарға кері байланыс беру және ұсыныстарын тыңдау.

Тыңдалды:

Жыл соңында ата-аналармен өткізілген қорытынды сұхбат барысында әр баланың танымдық, әлеуметтік, тілдік және шығармашылық дамуындағы жетістіктері мен ілгерілеулері туралы ақпарат берілді. Ашық есік күні аясында ата-аналар балалардың жұмысын, шығармашылық көрмелерін, оқу-тәрбие барысын көріп, өз пікірлерімен бөлісті.

Шешім қабылданды:

1. Ата-аналар тәрбиеші жұмысына оң баға беріп, баланың дамуындағы қолдауды жалғастыруға ниет білдірді.
2. Ашық есік күні дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп тұруы ұсынылды.
3. Жаңа оқу жылында баланың мектепке дайындық деңгейін ескере отырып бағыт беру қажет деп шешілді.

Топ тәрбиешісі: Лепесова Айжан

Ата-аналар төрайымы: Ахмет Анипа

Мерекелік іс-шара хаттамасы
«Біз – болашақ мектеп оқушысымыз!»

Күні: 2023 жылдың мамыр айы

Өткізілген орны: Мектепалды даярлық тобы, мерекелік зал

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар, балалар, мектеп әкімшілік өкілдері

Күн тәртібі:

1. Балаларды мектепке бейімдеуге арналған қорытынды мерекелік шараны ұйымдастыру.
2. Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін көрсету.
3. Ата-ана мен педагог арасындағы байланысты нығайту.

Өткізілген іс-шара туралы:

«Біз – болашақ мектеп оқушысымыз!» атты мерекелік іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Балалар тақпақ айтып, ән шырқап, би билеп, мектепке дайын екендіктерін көрсетті. Ата-аналар өз алғыстарын білдіріп, балаларының дамуындағы оң өзгерістерге риза болды. Іс-шарада баланың әлеуметтік бейімделуі, өз-өзіне сенімділігі мен сахнада өзін еркін ұстауы байқалды.

Шешім қабылданды:

1. Іс-шара мақсатына толық жетіп, балаларды мектепке оң көзқараспен дайындауға мүмкіндік берді.
2. Ата-аналар мен педагогтар арасындағы ынтымақтастық нығая түсті.
3. Осындай мерекелік шаралар арқылы балаға қолдау көрсетуді жалғастыру ұсынылды.

Топ тәрбиешісі: Лепесова Айжан

Ата-аналар төрайымы: Ахмет Анипа